

Бекітемін 
Ақтөбе облысының білім басқармасы
Әйтеке би ауданының білім бөлімі
мемлекеттік мекемесі
Т.Жүргенов атындағы жалпы орта
білім беретін мектебінің
директоры Л.Х.Еспанова
17.01.2024жыл

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі
мемлекеттік мекемесі «Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі бос лауазымға тағайындау үшін ашық конкурс
жариялайды**

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі мемлекеттік мекемесі «Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің уақытша «Сәндік-қолданбалы» үйірме жетекшісі лауазымына, жүктемесі 0,5 бірлік.

Мекен-жайы: Әйтеке би ауданы, Темірбек Жүргенов ауылы, Қ.Айтазин көшесі №16А
«Ақтөбе облысының білім басқармасы, Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Байланыс телефоны: 87133921-6-79, 87058394758.
Электронды пошта: zhurgenovsh@mail.kz

Лауазымдық міндеттері: Қосымша білім беру саласында білім алушылардың әртүрлі шығармашылық қызметін ұйымдастырады және қамтамасыз етеді. Үйірме, секция, студия, клуб және басқа да балалар бірлестіктеріндегі білім алушылардың, тәрбиеленушілердің құрамын жинақтайды, оқу мерзімі ішінде оларды сақтау шараларын қолданады. Білім алушыларға, тәрбиеленушілерге қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысады, сабақтардың жоспарлары мен бағдарламаларын жасайды, олардың орындалуын қамтамасыз етеді. Белгіленген құжаттаманы жүргізеді. Психофизиологиялық тұрғыдан алғанда жұмыстың нысандарын, құралдары мен әдістерін педагогикалық негізделген таңдауды қамтамасыз етеді. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін анықтайды, адамгершілік-рухани дамуына, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің тұрақты кәсіби қызығушылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке қызметін, оның ішінде зерттеушілік жұмысын ұйымдастырады, білім беру процесіне инновациялық технологияларды қосады, оқу практикасына байланысты жүзеге асырады. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жетістіктерін қамтамасыз етеді және талдайды. Компьютерлік технологияларды қолдана отырып, іскерлікті меңгеруді, шығармашылық қызметтің тәжірибесін дамытуды, танымдық қызығушылықты дамытуды ескере отырып, оқытудың тиімділігін бағалайды. Қалыпты кәсіби қызығушылығы мен бейімін қалыптастыруға ықпал етеді, дарынды және талантты білім алушыларды, тәрбиеленушілерді, оның ішінде мүмкіншіліктері шектеулі балаларды дамытуды қолдайды. Балалардың жаппай білім беру іс-шараларына (конкурстар, көрмелер, слеттер, конференциялар, олимпиадалар) қатысуын ұйымдастырады. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің демалыс уақытын ұйымдастыруға қатысады. Оқу сабақтарын жүргізуде еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын сақтауды қамтамасыз етеді, балалардың өмірі мен денсаулығына жауап береді. Ата-аналары мен оларды алмастыратын тұлғаларға, және педагог қызметкерлерге кеңес беріп, көмектеседі. Әдістемелік кеңестердің, бірлестіктердің қызметіне, семинарларға, конференцияларға, кәсіби қоғамдастықтарға қатысады. Жүйелі түрде өзінің кәсіби біліктілігін арттырады.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, Қазақстан Республикасының "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Кодексін, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы" Заңдарын және білім беру қызметін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық, Педагогика және психология негіздері, тәрбие жұмысының әдістемесі, өнімді, сараланған, дамытатын оқытудың заманауи педагогикалық технологиялары, құзыреттілік тәсілді іске асыру, әртүрлі жастағы білім алушылармен, тәрбиеленушілермен, олардың ата-аналарымен (оларды алмастыратын тұлғалармен), педагогтармен қарым-қатынас орнату әдістері, даулы жағдайлардың себептерін диагностикалау, олардың алдын алу және шешу әдістері, білім беру ұйымының ішкі еңбек тәртібі ережелері, еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі ережелері.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейін педагогикалық білім, немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білім, немесе қайта даярлау туралы құжат; жұмыс өтіліне талап қойылмайды немесе тиісті бейін бойынша техникалық және кәсіптік білімі немесе жұмыс өтіліне талап қойылмайды, жұмыс өтіліне талап қойылмайды. Және (немесе) біліктілігі жоғары деңгейдегі педагог-шебер кемінде 6 жыл. Және (немесе) біліктілігі жоғары немесе орта деңгейдегі педагог-модератор үшін кемінде 3 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 4 жыл, педагог – зерттеуші кемінде 5 жыл.

Кәсіби құзыреттілікті анықтай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:

1) "педагог – модератор": педагогке қойылатын барлық талаптарға жауап беруі, сонымен қатар зерттеу, эксперименттік жұмыстары дағдаларын меңгеруі жаңа әдістемелерді сынау бойынша жұмыстарды жүргізе білуі, өңірлік (қалалық) көрмелердің, олимпиадалардың, жарыстардың жеңімпаз балалары ұжымын басқаруы тиіс.

2) "педагог-сарапшы": педагог-модераторға қойылатын талаптарға сай болуы, сонымен қатар халықаралық, республикалық конкурстардың, көрмелердің, олимпиадалардың, жарыстардың балалар ұжымдық жеңімпаздарын басқаруы, авторлық әдістемелік әзірлемелер болуы тиіс.

3) "педагог-зерттеуші": педагог-сарапшыға қойылатын талаптарға сай болуы, сонымен қатар халықаралық, республикалық конкурстардың, көрмелердің, олимпиадалардың, жарыстардың балалар ұжымдық жеңімпаздарын басқаруы, авторлық әдістемелік әзірлемелер болуы тиіс.

4) "педагог-шебер": педагог-зерттеушіге қойылатын талаптарға сай болуы, сонымен қатар: халықаралық, республикалық конкурстардың, көрмелердің, олимпиадалардың, жарыстардың балалар ұжымдық жеңімпаздарын басқаруы, авторлық әдістемелік әзірлемелер болуы тиіс.

Лауазымдық жалақысы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі мемлекеттік мекемесі «Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Сәндік-қолданбалы» үйірме жетекшісі үшін 85 000- 90 500 теңге аралығын құрайды.

Біліктілігіне қойылатын талаптар: тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі немесе жұмыс өтіліне талап қойылмайды немесе тиісті бейін бойынша техникалық және кәсіптік педагогикалық білімі болуы тиіс.

Бос лауазымның уақыты: уақытша (16.01.2024ж - 20.05.2024ж)

Құжаттарды қабылдау мерзімі: конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған күннен кейін келесі жұмыс күнінен бастап есептеледі: **18.01.2024.-26.01.2024ж.ж.**

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде келесі құжаттарды электронды немесе қағаз түрінде жолдайды:

1) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, Конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (идентификация үшін);

3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);

4) Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);

6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген).

7) психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

8) наркологиялық ұйымнан анықтама;

9) Ұлттық біліктілік тестілеу сертификаты (бұдан әрі – ҰБТ) немесе педагог-модератордың, педагог-сарапшының, педагог-зерттеушінің, педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлік (болған жағдайда).

10) 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған Бағалау парағы.

Конкурсқа қатысушы бар болған жағдайда біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми / академиялық дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми немесе әдістемелік Жарияланымдар, біліктілік санаттар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсынады.

Көрсетілген міндетті құжаттардың біреуінің болмауы құжаттарды қатысушыға қайтару үшін негіз болып табылады.

Комиссия құжаттарды қабылдау аяқталған күннен кейін бес жұмыс күн ішінде конкурсқа қатысушының құжаттарына біліктілік талаптарына біліктілік бағалауды жүргізеді.

Конкурсқа қатысқысы келетін азаматтар қажетті құжаттарын осы хабарландыру **«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі мемлекеттік мекемесі «Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі** және «Ақтөбе облысының білім басқармасы, Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ресми сайттарында және әлеуметтік желілерінің ресми аккаунттарында жарияланған күннен кейін келесі жұмыс күнінен бастап 7 жұмыс күн ішінде мына мекен-жайға тапсыруы қажет.

Әйтеке би ауданы, Темірбек Жүргенов ауылы, Қ.Айтазин көшесі №16А

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Анықтама телефондары: 871339 21-6-79, 87058394758

Электронды пошта: zhurgenovsh@mail.kz

Мемлекеттік білім беру
ұйымдарының бірінші
басшылары мен педагогтерін
лауазымға тағайындау,
лауазымнан босату
қағидаларына
10-қосымша

Нысан

конкурс жариялаған мемлекеттік
орган

Үміткерлің Т.А.Ә. (бар болса), ЖСН

(лауазымы, жұмыс орны)

Нақты тұратын жері, тіркелген мекенжайы, байланыс телефоны

Өтініш

Мені бос/уақытша бос лауазымдық конкурсқа рұқсат беруіңізді сұраймын
(қажетінің астын сызу керек)

білім беру ұйымдарының атауы, мекенжайы (облыс, аудан, қала / ауыл)
Қазіргі уақытта жұмыс істеймін

білім беру ұйымының атауы, мекенжайы (облыс, аудан, қала / ауыл)
Өзім туралы келесіні хабарлаймын.

Білімі: жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейін

Оқу орнының атауы	Оқу кезеңі	Диплом бойынша мамандық

Біліктілік санатының болуы (беру (растау) күні): _____

Педагогикалық жұмыс өтілі: _____

Келесі жұмыс нәтижелерім бар: _____

Наградалары, атақтары, дәрежесі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, сондай-ақ қосымша
мәліметтер (бар болса)

**Педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың бағалау парағы
(Т.Ә.А. (болған жағдайда))**

№	Өлшемшарттар	Растайтын құжат	Балл саны (1-ден 20-ға дейін)
1.	Білім деңгейі	Білімі туралы дипломның және дипломға қосымшаның нөмірі	Техникалық және кәсіптік = 1 балл Жоғары күндізгі = 2 балл Жоғары күндізгі үздік = 3 балл Магистр = 5 балл Жоғары сырттай / қашықтықтан оқыту = минус 2 балл
2.	Ғылыми / академиялық дәрежесі	Білімі туралы дипломның және дипломға қосымшаның нөмірі	PHD-докторы = 10 балл Ғылыми доктор = 10 балл Ғылыми кандидат = 10 балл
3.	Жұмыс өтілі жоқ үміткерлер үшін сертификаттау	Сертификат	«Педагог» біліктілік санаты -5 балл
4.	Біліктілігі/Санаты.	Куәлік, өзге де құжат	Екінші санат = 1 балл Бірінші санат = 2 балл Жоғары санат = 3 балл Педагог-модератор = 3 балл Педагог-сарапшы = 5 балл Педагог- зерттеуші = 7 балл Педагог-шебер = 10 балл Әдіскер (лаузымдық жұмыс өтілі кемінде 2 жыл)=1 балл
5.	Әкімшілік және әдістемелік қызмет тәжірибесі	еңбек кітапшасы / еңбек қызметін алмастыратын құжат	Директордың орынбасары (лауазымдық жұмыс өтілі кемінде 2 жыл) =3 балл Директор (лауазымдық жұмыс өтілі кемінде 2 жыл) = 5 балл
6.	Алғаш рет жұмысқа тұрған педагогтар үшін	Білім туралы дипломға қосымшасы	Педагогикалық/кәсіби тәжірибенің нәтижелері "өте жақсы" = 1 балл "жақсы" = 0,5 балл
7.	Бұрынғы жұмыс орнынан (педагог лауазымы) немесе орнынан ұсыныс хат	Ұсыныс хат (Конкурсты өз бетінше жариялаған білім беру ұйымы соңғы жұмыс/оқу орны бойынша ұйымға /оқу мекемесіне өтініш жасайды)	Оң ұсыныс хатының болуы = 3 балл Теріс ұсыныс хатының болуы = минус 3 балл
8.	Кәсіби жетістіктердің көрсеткіштері	- дипломдар, білім алушылардың олимпиадалар және конкурстар, ғылыми жобалар бойынша жеңімпаздардың грамоталары; - дипломдар, мұғалімнің олимпиадалар және конкурстар жеңімпаздарының грамоталары; - мемлекеттік награда	1) олимпиадалар және конкурстардың жеңімпаздары=0,5 балл ғылыми жобалардың = 1 балл 2) олимпиадалар және конкурстар жеңімпаздары =3 балл "Үздік педагог" конкурсына қатысушысы =1 балл "Үздік педагог" конкурсының жеңімпазы = 5 балл "Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы" медаль иегері = 10

9.	Әдістемелік қызмет	- авторлық шығармалары, басылымдары	ҚР БҒМ тізбесіне енген оқулықтар мен (немесе) ОӘК авторы немесе бірлескен авторы =5 балл РОӘК тізбесіне енген оқулықтар мен (немесе) ОӘК авторы немесе бірлескен авторы=2 балл БҒССҚЕК, Scopus тізбесіне енгізілген ғылыми-зерттеу қызметі бойынша жарияланымның болуы =3балл
10	Қоғамдық-педагогикалық қызмет	Қоғамдық-педагогикалық қызметін растайтын құжат	Тәлімгер =0,5 балл ӘБ басшылығы =2 балл балл 2 тілде сабақ беру, орыс/қазақ – 2 балл шетел/орыс, шетел/қазақ – 3 балл 3 тілде сабақ беру (қазақ, орыс, шетел) = 5 балл
11	Курстық дайындық	- пәндік дайындық сертификаттары; - цифрлық сауаттылық, КАЗТЕСТ, IELTS; TOEFL; DELF сертификаттары; Goethe Zertifikat, "Python тілінде бағдарламалау негіздері" программалары бойынша оқыту, "Microsoft" Курсера жұмыстарына оқыту Халықаралық курстар: TEFL Cambridge "CELTA (Certificate in Teaching English to Speakers of Other Languages)" CELT-P (Certificate in English Language Teaching – Primary) DELTA (Diploma in Teaching English to Speakers of Other Languages) CELT-S (Certificate in English Language Teaching – Secondary) "TKT Teaching Knowledge Test" Certificate in EMI Skills (English as a Medium of Instruction) Teacher of English to Speakers of Other Languages (TESOL) "TESOL" Certificate in teaching English for young learners International House Certificate in Teaching English as a Foreign Language (IHC) IHCYLT - International House Certificate In Teaching Young	ПШО,НЗМ, "Өрлеу" курстары – 0,5 балл Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 216 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығына сәйкес тізбеге енгізілген біліктілікті арттыру ұйымдары іске асыратын білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген бағдарламалар бойынша біліктілікті арттыру курстары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №30068 болып тіркелген) =,5 балл (әрқайсысы бойынша жеке)

		<p>Learners and Teenagers Becoming a Better Teacher: Exploring Professional Development Assessment for Learning: Formative Assessment in Science and Maths Teaching Online Teaching for Educators: Development and Delivery Educational Management Key Ideas in Mentoring Mathematics Teachers Курсы на платформе Coursera, Futute learn Teaching Mathematics with Technology Special Educational Needs "Developing expertise in teaching chemistry "</p>	
12	<p>Мемлекеттік білім беру гранты бойынша білім алған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының түлегі «Дипломмен ауылға!», «Серпін» мемлекеттік бағдармаларының қатысушысы, Жұмыспен қамту орталығы жастар тәжірибесі бойынша жіберілген педагог</p>	<p>Мемлекеттік білім беру гранты иегерінің сертификаты, келісім-шарты</p>	3 балл қосылады
Барлығы:			